



«Поэзиядағы
Дулат Бабатайұлы
дәстүрі және ұлттық
тұтастық идеясы»

220 жыл

халықаралық ғылыми-
тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

26 мамыр, 2022 жыл

Астана



ХІХ ғасырдағы қазақ жазба поэзиясының негізін қалаушы,
дауылпаз ақын Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл толуына арналған
**«ПОЭЗИЯДАҒЫ ДУЛАТ БАБАТАЙҰЛЫ ДӘСТҮРІ ЖӘНЕ
ҰЛТТЫҚ ТҰТАСТЫҚ ИДЕЯСЫ»**
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

(2022 жылдың 26 мамыры)

ӘОЖ 82.0
ББК 83.3 (5Каз)
II 62

Редакция алқасы:

Қамзабекұлы Д., Омаров Б., Дүйсенғазы С., Кемеңгер Қ., Байгожина Д., Саурбаева А.

XIX ғасырдағы қазақ жазба поэзиясының негізін қалаушы, дауылпаз ақын Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл толуына арналған «Поэзиядағы Дулат Бабатайұлы дәстүрі және ұлттық тұтастық идеясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары: Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 182 б., қазақ, орыс.

ISBN 978-601-337-793-3

Жинақта XIX ғасырдағы қазақ жазба поэзиясының негізін қалаушы, дауылпаз ақын Дулат Бабатайұлының туғанына 220 жыл толуына арналған «Поэзиядағы Дулат Бабатайұлы дәстүрі және ұлттық тұтастық идеясы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары қамтылған. Конференция жинағында филология, тарих, журналистика салаларын зерттеуші ғалымдар, ҚР Парламент депутаттары, жазушылар және қоғам қайраткерлері және Татарстан ғалымдарының баяндамалары бар.

Басылым ЖОО және арнайы білім беретін мекемелердің оқытушыларына, сондай-ақ, филология және журналистика салаларына қызығушылық танытатын оқырмандарға арналған.

Жинаққа енгізілген материалдарға автордың өзі жауапты.

ӘОЖ 82.0
КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-337-793-3

алданғыш аңғалдарды айтақтау арқылы екі арадан жем тауып, жоқ түгендеу айналасын меңгерген сұм-сұрқиямінез.

Біз Дулаттың «Би мен бекті жақтадым, / Бай, мырзаны мақтадым, Бәйбішенің мойнына/ Жырдан алқа таққаным» [1, 24] деген жолдарына жүгініп, оның образын «сарайдың мадақшысына», «феодалдықтың жыршысына» балаумен болдық. Бұл – түбірімен қате қорытынды. Мысалға алынған майлағыш, мәймөңке сөздер Дулаттың өзіне қатыссыз, монологты мінездеуге құрылған сатиралық туындының қаһарманы – азған қазақ қоғамының қолпашқұмар, қошеметшіл ақынына тиесілі (Егер «Болыс болдым, мінеки» немесе «Ойға түстім, толғандым» өлеңдеріндегі болыс пен пысықты Абайдың өз бейнесіне телісек не болар еді?!). Сонда әлгі жыр үзіктері «мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап» (Абай) күнелткен өлеңшілерді әдейі әшкерелеу, тұқырта терістеу болып шықпай ма?! Осы пікірінде Дулат, жоғарыда айтқанымыздай, Жанақпен, Түбекпен, Шөжемен ат құйрығын кесіседі; бұл жерде де ол – Абайдың алды. Өлеңге қарасты өлшесек, Абайлық мағынадағы «сөз ұғу» тіркесі мен Абайлық мәндегі «Ел құлағы саңырау, Кімге айтамын сөзімді?» деген сергелдең сауалды да алғаш рет Дулаттан ұшырататынымызды айта кеткен абзал.

Қорытынды. Дулат пен Абайдың арасындағы кейде жалғаспалы, кейде жарыспалы – жарасымды қарым-қатынасты көзге көрінерлік сыртқы үйлесім-үндестіктер ғана емес, бірден байқалып-байыптала бермейтін кейбір көркемдік, көзқарастық сабақтастық та растайды.

Рух айғақтары, мінез құбылыстары, жұрт тағдыры мен әлеуметтік жіктер, тірлік пен тұрмыс реалиялары және тағысын-тағылар – бұлардың қай-қайсысының да шығармашылық объект ретіндегі идеялық-поэтикалық интерпретациялары Дулаттан Абайға қарай тыңая тереңдеп, түрлене тұтасып, күрделене, көріктеле береді.

Түптеп келгенде, Дулат пен Абайдың өнернамалық байланысы алуан арналы, сан салалы.

Ең ақыры, екі ақынның да әлемдік «Ескендірнамаға» үн-үлес қосып, бірінің «Шаштараз», келесісінің «Ескендір» атты поэмаларды дүниеге келтіруіде – назар аударалық нәрсе.

«Дулат-Абай» тақырыбы төңірегінде поэтика тұрғысынан қаузаытын мәселе мол. Біз оның кейбіріне ғана тоқталдық.

Әдебиеттер тізімі:

1. Зар заман: Жыр-толғаулар (Құрас. С.Дәуітов). – Алматы: Жалын, 1993. - 176 б.
2. Шапай Т. Анық Абай// Жұлдыз. – 1999. - №2. – Б.138-160.
3. Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі//Абай тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1986. – 432 б.
4. Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – Т.1. – 336 б.
5. Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 1995. – Т.2. – 384 б.
6. XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 320 б.
7. Бес ғасыр жырлайды: Екі томдық (Құрас. М.Мағауин, М.Байділдаев). –Алматы: Жазушы, 1989. – Т.1. – 384 б.

ЗӘКЕНҰЛЫ ТҮРСЫНХАН

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Шығыстану кафедрасының профессоры,

тарих ғылымдарының докторы

ЕЛІМ ДЕП ЕМІРЕНГЕН, КҮҢІРЕНГЕН

«Кеудеме қайғы толған соң, тұнық жырмен жуынам» деп шын сырын жайып айтатын Дулат ақын XIX ғасырдың басында ескі мен жаңаның, хандық жүйе мен отарлық жүйенің өліарасында өмір сүрген тағдырлы тұлға. Ол кезде «Шығыстың сілемі Сандықтас, Ақжайлаудан Дулат шықса, Жайық жағасынан Махамбет шықты» (Ғ. Шөкерұлы). Ол Қазақ даласында хандық жүйе жойылып, аға сұлтандық жүйе орнаған 1822 жылдары 20 жасқа

толған еді. Демек, оған дейін де қазақтың хандық жүйесін шала-шарпы болса да көре қалды. Ресей отаршылдығының Қазақ даласында қалайдан қалай жеткенін көзбен көріп, көңіліне түйді. «Сандықтас» деген өлеңінде:

Кешегі бір заманда
Қайран қазақ қайтейін,
Қасиетті еді хан, қараң,
Мынау азған заманда,
Қарасы антқор, ханы арам.
Батыры көксер бас аман,
Бәйбіше-тантық, бай-сараң.
Бозбаласы-бошалаң,
Қырсыға туды қыз балаң.
Нары – жалқау, кертабан,
Құсы – күйшіл, ат – шабан.
Жырғалаң жоқ, жобалаң,
Ебі кеткен ел болдық,
Енді қайда мен барам? - деп толғайды.

Дулат бұл жерде қазақтың бұрынғы әдет-ғұрыптық заңдары арқылы қоғамды жөнге салып отыратын, билерге жүгінетін дәстүрлі қоғамдық қатынастарының келмеске кеткендігін, ресейлік заң-зәкүнге сүйенген отаршыл жүйенің халықты дәстүрлі құндылықтарынан айырып, аздырып-тоздырып бара жатқанын айтып отыр. Айтып айтпай, бұл кезде отаршыл жүйе халықтың ғасырлар бойы сақталып келген тұрмыс-салты мен өмір сүру дағдысын, тіршілік ортасын түбірінен өзгертті. Ең әуелі тілі, діні, ділі басқа қауымға кіріптар етті. Мінеки, осының бәрі сол кезде бір Дулат қана емес, талай дала боздағының шер шемең болып, заманға қырын қарап кетуіне себеп болды. Сондықтан ақын тағы бір өлеңінде:

Ел тандыры құрыды
Орыстың түсті құрығы.
Анадан емшек суалды,
Қайғымен елді суарды.
Солқылдаған жастардың,
Сүреңі кетіп, қуарды.
Серпілуге шама жоқ,
Дәнің кетті қайран ел! - дейді.

XIX ғасырдың 20-30 жылдарында бұғалыққа, отарлық езгіге қарсы халық Кенесары Қасымұлының басшылығында ұлт-азаттық күрес жолына түсті. Көтерілістің басты мақсаты қазақтардың патша үкіметі тартып алған шұрайлы жерлерін өзіне қайтарып алу, окурттерді тарату, отаршыл жүйемен бірге келген алым-смалықты жою, қазақтың толықтай тәуелсіздігін сақтап қалу болатын. Көтерілістің сапында қарапайым шаруалар, старшындар мен би, батырлар, тіпті, сұлтандар да болды. Көтерілістің қалың қолына үш жүздің атақты батырлары жетекшілік етті. Қазақ халқы қайта оянып, тәуелсіздікке, еркіндікке ұмтылды. Елдің бұрыннан қалған ақсүйек-төрелері хандық жүйені қалпына келтіруден үміттенді. 1841 жылы олар Кенесарыны хан сайлап, Қазақ хандығын уақытша қалпына келтірді. Бірақ Кенесары көтерілісі қазақ халқының өз ішіндегі би-сұлтандардың, старшындардың, билердің алауыздығынан, ел аумағында жаппай қолдау таба қойған жоқ. Нәтижесінде 10 жылға созылған ұлт-азаттық қозғалыс (1837-1847) ақыры жеңіліспен аяқталды. Бұл Дулаттың нағыз кемеліне келген кезі еді. Өлеңдерінен қарағанда ол Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыстан үлкен үміт күтті. Ол Абылай ханның ерлігін мақтан тұтты, оны қазақтың кең

көсілген Сарыарқасын жоңғарлардан азат етіп, халқын бейбіт, бақытты күнге жеткізді, алдына төрт түлік малын мыңғыртып, қараңғы түнін сейілтті, ағарып атқан таңындай жарық шұғылысын шашты деп дәріптеді. Оның ұрпағы Кенесарының ел тұтастығы жолында жасаған жанкешті ерліктерін дәріптеді. Халқына тірек болған айбарын Ақсақ Темір ерлігіне балады. Демек, Ел ұғымы бастан-аяқ ақын өлеңінің өзегі болды. Бірақ, ұлт-азаттық күрес аяқталғаннан кейін ақынның бойын торығу сезімі биледі. Қазақтың қалай азып-тозғанын, ел-жұртқа қорған, ес болатын тұлға қалмағанын күңірене толғады:

Шен-шекпенге сатылып,
Батпаққа елін батырып.
Дұшпанына оқ салып,
Еліне қарай атылып,
Біздің естімін деген жақсылар,
Ақыл-ойға тапшылар,
Заңын білмей алдатты.
Сырғалыңды күң қылып,
Солқылдақты жүн қылып.
Күніңді тұман, түн қылып,
Қыл мойныға тақалтып,
Шабақтай жемге қақалтып,
Көмейіңе салар қармақты.

Отаршылдық құрсауын салған заманда, қарабасын күйттеп, қызық қуған қазақтың жағымпаз, сөзшең, сорлылығын да бетіне басып айтты:

Қымыз құмар, сөз құмар,
Сор құмар өңшең сорлылар!

Бұл жолдары Абайдың «қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын» дегенімен үндесіп тұрғандай. Шындап келгенде, осы дерттен қазақ әлі арылмай келеміз.

М. Мағауиннің сөзімен айтсақ: «Дулат қазақ халқының, бүкіл түркі халықтарының ескі шежіресінен жақсы хабардар, көне ақын-жыраулар мұрасын жете таныған, оның озық қасиеттерінен нәр алған кең тынысты ақын. Дулат жырларының күш-қуаты мазмұн байлығымен қатар, замана келбетін бар бедерімен көрсете білген шыншылдығында».

Қорытып айтқанда, Дулат халық тағдырын өз тағдырымен байланыстырған, халқының рухани күйіне толық енген ақын. Сондықтан, қазақ халқының отаршылдық тарихын зерттегенде Дулат ақынның өлеңдеріне соқпай өту мүмкін емес. Жоғарыда біз, ақын шығармашылығының дәуірлік ерекшеліктерін тек атүсті ғана шолып өттік. Дәуірлік ерекшелік – дулаттанудағы айырықша өлшем болуға тиіс. Оның өлеңдері тұнып тұрған тарих. Екінші сөзбен айтқанда, Дулат өлеңдерінде отаршылдық дәуіріндегі халқымыздың тұтас жады жатыр. Сондықтан, оны отаршылдық дәуір әдебиетінің көрнекті өкілі деуге толық негіз бар.